

**"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 тамыз N 898

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы  
"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**

1-бап. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z970155\_Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; N 24, 338-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың 2-тармағы 3-1) тармақшасы алып тасталсын;  
2) 4-баптың 1-тармақшасы "Нотариаттық іс жүргізу" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

3 ) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жоғары заңгерлік білімі және заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар, Әділет атtestаттау комиссиясында атtestаттаудан, нотариуста тағымдаудан өткен және нотариаттық қызметпен айналысуз құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматығана нотариус бола алады.";

3-тармақта "және 3-1)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар, белгіленген тәртіппен әрекет етуге қабілетсіз не әрекет етуге қабілеттілігі шектеулі деп танылған адам нотариус бола а л м а й д ы .

Сондай-ақ өзіне қатысты ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған адам, сондай-ақ лицензиясы кері қайтарылып алғандықтан не нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде тәртіп бұзғаны үшін мемлекеттік нотариус қызметінің босатылғандықтан нотариаттық қызметті тоқтатқан адам үш жыл ішінде нотариус бола алмайды.";

4) 7-баптың 5-тармағы "заң білімі бар" деген сөздерден кейін "және Әділет атtestatтау комиссиясында атtestatтаудан өткен" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 8-баптың 6-тармағы "тұрақты судья болып жұмыс істеп жүрген адамдар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ мемлекеттік нотариустар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

### 6 ) 1 0 - б а п т а :

1-тармақ "әділет органдарының," деген сөздерден кейін "нотариаттық палаталарының" деген сөздермен толықтырылсын;

### 2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны кері қайтарып алу жөніндегі талап-арыз ісін козғағанда;";

3) тармақшадағы "паспорт деректері және өзінің тұрғылықты жерінің өзгерістері туралы мәліметтерді, олар өзгерген жағдайда" деген сөздер "өзінің тегін, атын, әкесінің атын өзгерткені туралы, сондай-ақ оның үй-жайының орналасқан орны өзгерген жағдайда, оның өзгергені туралы мәліметтерді," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4), 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) нотариус осы Заңға сәйкес өзіне белгіленген қызмет аумағын бұзғанда;  
5) нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді жасаған кезде заңнаманы бұзған жағдайда;";

3-тармақта "лицензияның күші қалпына келтіріледі" деген сөздер

"лицензиар лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы шешім шығарады" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "нотариаттық іс-әрекеттер жасалуына" деген сөздерден кейін "және нотариустың жеке мөрді лицензиарға тапсыруына" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 11-бапта:

1) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде қолданыстағы

заңнаманы бірнеше мәрте бұзғанда немесе мемлекеттің, заңды және жеке тұлғалардың мұдделеріне зиян келтіріп, заңнаманы өрескел бұзғанда;";

4) мынадай мазмұндағы 5), 6), 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) лицензия беруге негіз болып табылатын құжаттарда жалған немесе қасақана бүрмаланған ақпаратты нотариустың беру фактісі анықталғанда;

6) лицензияның қолданылуы үш мәрте тоқтатыла тұрғанда;

7) аттестаттаудың қорытындысы теріс болғанда";

8) 12-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша "өзгерткенде" деген сөзден кейін "немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткенде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) нотариусқа қатысты ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату тұрақты қаулы шыққанда";

5) тармақша "іс-әрекет жасауға қабілетсіз" деген сөздерден кейін "не іс-әрекет жасауы шектеулі" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "сондай-ақ лицензияны қайтарып алу жөнінде" деген сөздерден кейін "оны лицензиарға беру үшін және нотариустың жеке мөрін жою жөнінде" деген сөздермен толықтырылсын;

9 ) 15 - б а п т а :

1-тармақ "сақтандырған" деген сөзден кейін ", нотариаттық палатаға мүше болған" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көсіби қасиеттерінің денгейін анықтау мақсатында жеке практикамен айналысадын нотариус үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттаудан өту тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекітеді."

;

5 - т а р м а қ алып тасталсын ;

10) 16-баптың 1-тармағында "34-бабындағы 1-тармақтың 1) (жылжымайтын мүлік жөніндегі мәмілелерді куәландыру бөлігінде), 3), 4), 5), 6), 14), 15), 17)-тармақшаларында көзделген іс-әрекеттерге қатысты" деген сөздер "1-тармақта көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 17-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

12 ) 21 - б а п т а :

3-тармақта "54, 55-баптарында" деген сөздер ", 54-бапта" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-тармақта "1-тармағында" деген сөздер "1 және 2-тармақтарында" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

13) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Нотариустың жеке мөрі, мөртәнбалары мен бланкілері.

Нотариустың өзінің тегі, аты, әкесінің аты, ол өз кәсіби қызметін жүзеге асыратын нотариаттық округтың атауы, лицензиясының нөмірі мен берілген күні (жеке нотариустың мөрі) немесе мемлекеттік нотариаттық кеңесінің (жеке нотариустың мөрі) атауы көрсетілген жеке мөрі, куәландыру жазулары бар мөртабандары мен бланкілері б о л а д ы . " ;

1 4 ) 2 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3-тармақша "нотариаттық іс-эрекеттер" деген сөздердің алдынан "жеке нотариустар " деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жеке нотариустың лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру,

сондай-ақ оны кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді;";

6) тармақша "нотариустарды" деген сөздің алдынан "жеке" деген сөзben толықтырылсын;

8) тармақша "нотариусты" деген сөздің алдынан "жеке" деген сөзben толықтырылсын;

9) тармақша "нотариустардың" деген сөздің алдынан "жеке" деген сөзben толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Нотариаттық палата жартыжылдық пен жылдық қорытындылар бойынша өзінің қызметі туралы ақпаратты Республикалық нотариаттық палата мен аумақтық әділет органына ұсынады.";

15) 28-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүшелік, мүше болу, мүшелікті тоқтата тұру және одан айыру шарттары мен тәртібі, сондай-ақ мүшелердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;";

16) 30-баптың 3 және 7-тармақтары алып тасталсын;

17) 31-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.";

18) 32-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аумақтық әділет органдарының республика нотариустарының халыққа құқықтық қызмет көрсету саласындағы заңдылықты ұйымдастыру мен қамтамасыз

ету жөніндегі қызметіне басшылық етуді, оны үйлестіру мен бақылауды жүзеге асырады;";

3) тармақша "Қазақстан Республикасы мұрағаттары мен құжаттаманы үәкілетті мемлекеттік басқару органдарымен келісу бойынша" деген сөздермен толықтырылсын";

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) әрбір нотариаттық округ бойынша нотариустардың санын бекітеді;";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) нотариат мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқамалық және түсіндірме материалдар әзірлейді;";

19) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Аумақтық әділет органының нотариатты реттеу саласындағы құзыреті

1. Аумақтық әділет органы:

1) мемлекеттік нотариаттық кеңселерді ашады және таратады;

2) азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік нотариустардың қызметтік іс-әрекеттеріне арыздарды қарайды;

3) жергілікті мемлекеттік органдардың нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) мемлекеттік нотариустар жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және олардың іс жүргізуінің жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

5) нотариустың лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныстар енгізеді;

6) нотариаттық палатаға жеке нотариусты жауаптылықта тарту туралы ұсыныс енгізеді;

7) жеке нотариустардың келу сипаттағы есептік тіркеуін жүргізеді;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес нотариустардың, жеке мөрлерін дайындауға тапсырысты жүзеге асырады және оларды беруді жүргізеді;

9) осы Заңмен белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесіп:

1) нотариаттық округтегі жеке нотариустардың қызмет ету аумағын белгілейді;

2) Әділет министрлігіне бекіту үшін әрбір нотариаттық округтегі нотариустардың саны туралы ұсыным енгізеді;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған және жеке

практикамен айналысуға ниет білдірген адамдардың резервін қалыптастырады және жеке нотариустың бос орнына орналастыру үшін конкурсның іріктеуді

жүргізеді;

4) нотариаттық округте нотариустар уақытша болмаған жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасауды ұйымдастырады;

5) нотариустарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

6) нотариаттық практиканы қорытады;

7) азаматтар мен занды тұлғалардың нотариустардың іс-әрекеттеріне арыздарын қарайды;

8) жеке практикамен айналысатын нотариус жасайтын нотариаттық іс-әрекеттердің зандылығын және оның іс жүргізуінің жай-қүйін бақылауды жүзеге асырады;

9) нотариаттық қызметті жүзеге асыратын жеке нотариустарға аттестация жүргізеді.;"

20) 34-баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) мұраға сенімгерлік басқаруышыны тағайындайды;";

21) 35-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

22) 36-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

23) 37-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы бапта көзделген өсиеттерге өсиетке қол қоятын куәгердің катысуымен өсиет қалдырушы қол қоюға тиіс.";

24) 47-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Куәландыру жазбалар жасау, куәліктер беру және қаулылар шығару";

1-тармақ "мәмілелерді куәландыру" деген сөздерден кейін "және нотариаттық куәландырылған құжаттардың дубликаттарын берген" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мұраға сенімгерлік басқарушы тағайындалған кезде нотариус тиісті қаулы шығарады";

25) 48-баптың 1-тармағының 1), 5) тармақшаларындағы "занға" және "зан" деген сөздер "заңнамаға" және "заңнама" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 50-бап "нотариаттық куәліктерді" деген сөздерден кейін "және қаулыларды" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 55 - бап алып тасталсын;

28) 61-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"61-бап. Мұрадан бас тарту немесе оған құқық туралы куәлік беру туралы

өтініштеді

қабылдау

Нотариус мұраны ашу орны бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұрадан бас тарту немесе оған құқықтар туралы күелікті беру туралы өтініштерді жазбаша нысанда қабылдайды.";

29) 63-бапта "Нотариус немесе жергілікті атқарушы органның нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамы" деген сөздер "Нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын нотариус" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 64-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"64-бап. Мұралық мүлікті қорғауға шаралар қолдану туралы тапсырма беру

1. Мұра қалдыруышының мүлкі немесе оның бір бөлігі мұра ашылған жерде болмаған жағдайда мұра ашылған жердегі нотариус мұралық мүлік тұрған жердегі нотариуске оны қорғау жөнінде шаралар қолдану туралы тапсырма жолдайды.

2. Нотариус мұралық мүлікті қорғау жөнінде шаралар қолдана отырып,

бұл туралы мұра ашылған жердегі нотариуске хабарлайды.";

31) 65-бапта:

1-тармақтағы "немесе жергілікті атқарушы органның нотариаттық іс-әрекеттер жасаушы лауазымды адамы" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта

"немесе жергілікті органның нотариаттық іс-әрекеттер жасаушы лауазымды адамы мұралық мүлікті сақтаушыны тағайындейды" деген сөздер "мұрагерлердің немесе жергілікті атқарушы органдының өтініші бойынша мұрага сенімгерлік басқарушыны тағайындейды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "Сақтаушы" деген сөз "Тұлға" деген сөзben ауыстырылсын;

32) 70-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

33) 79-баптың 1-тармағы "қайшы келмейтін" деген сөздерден кейін "және мәмілені баяндауды білдірмейтін" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 101-бапта "беруге" деген сөз "сенімгерлік басқарушыны тағайындау және берумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 105-баптың 1, 2-тармақтары алынып тасталсын;

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК